



Мұнаиы

Газет 2009 жылдың
01 тамырынан
шығады



www.mmg.kz

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті

№11 (74), қараша, 2015 жыл

ӨЛКЕ

ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

19 ноября в Алматы состоялась заседание Совета директоров Акционерного Общества «Маңғыстаумұнайгаз».

В ходе заседания был заслушан отчет по итогам производственной и финансово-хозяйственной деятельности АО «Маңғыстаумұнайгаз» за январь-октябрь 2015 года. Члены Совета директоров положительно оценили итоги деятельности Общества за отчетный период, отметив, что руководство и коллектив компании успешно справляются с поставленными задачами.

Кроме того, был одобрен Бизнес-план АО «Маңғыстаумұнайгаз» на 2016-2020 годы: в частности план добычи нефти на 2016 год предусмотрен на уровне 6 млн. 285 тыс. тонн. При этом в рамках Бизнес-плана мировая цена нефть в 2016-2017 годах прогнозируется в районе 40,1 доллар США за баррель, в 2018-2020 годах – 50,1 доллара за баррель, курс доллара в 2016-2020 годах прогнозируется на уровне 285 тенге за одну условную единицу. Также была утверждена организационная структура Общества, озвучена информация о реализации программы по структурным преобразованиям в компании, утвержден годовой аудиторский план Службы внутреннего аудита на 2016 год и многое другое.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жаңа басшылығы



Үстіміздегі жылдың 25 қарашасында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы акционерлерінің қатысуымен ұжымның жиналысы болып өтті.

Жиналыста «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы директорлар Кеңесінің мүшесі Тимур Биғағамбетов 19 қараша күні өткен Директорлар Кеңесінің шешімін жариялады. Акционерлер Келісімінің Ережелеріне сәйкес «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жоғарғы буындағы басшылары мен құрылымдар басшыларын тағайындау құқығын 3 жыл сайын кезектестіру қарастырылған. Тимур Биғағамбетов осы тәртіппен жаңадан тағайындалған компания Басқармасын таныстырып өтті.

Директорлар Кеңесінің шешімімен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директоры лауазымына Бақыт Алтайұлы Иманбаев, ал «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директорының бірінші орынбасары болып Сунь Синъюнь тағайындалды.

- Белгіленген 3 жыл мерзім Басқарма басшылығының өндірісті ұйымдас-тырудағы жоғары біліктілігі нәтижесінде компания еліміздің мұнай өнеркәсібі саласындағы алдыңғы позициядағы іргелі кәсіпорын сапынан түскен жоқ. Бүгінгі таңда әлемдік экономика бастан кешіп жатқан аса күрделі кезеңге келдік. Мұнай бағасының түсуі жаңа

қиындықтар тудыруда. Осындай аса жауапты сәтте компания басшыларының зор тәжірибесін, өндірісті басқарудағы жаңашылдықтарын ескере отырып, Директорлар Кеңесі Басқарма құрамын сол күйінде қалдыру жөнінде шешім қабылдады, - дей келіп Б.Иманбаев пен Сунь Синъюнь мырза жұмысына табыс тіледі. Сондай-ақ Басқарма алдына жаңа міндеттер қойды.

Жиналыста сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директоры Бақыт Алтайұлы Иманбаев:

- Маған көрсетілген зор сенім үшін Директорлар Кеңесіне ризашылығымды жеткіземін. Аталмыш тағайындау тек басшылық үшін емес, бүкіл компания мұнайшыларына зор жауапкершілік жүктейді. Әрине, алда тұрған міндеттер жеңіл емес. Бастаған көптеген өндірістік және әлеуметтік бағдарламаларды тізе қосып жүзеге асырамыз деп ойлаймын, - дей келіп, Бас директордың 8 орынбасарларының және департамент директорларының ауысу тәртібі бойынша өз лауазымдарында қалатындығын хабарлады.

Өз кезегінде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының бірінші орынбасары Сунь Синъюнь мырза мұнай өндірісінің барлық мектебін өткен Б.Иманбаевтың аса сауатты басшы екендігіне жоғары баға беріп, қазіргідей күрделі уақытта өндірісті тиімді ұйымдастырып, 6 мың адамдық іргелі ұжым мүшелерінің әлеуметтік жағдайын төмендетпеу жолында бірлесе қызмет етуге шақырды.



ТАҒАЙЫНДАУ



Иманбаев Бақыт Алтайұлы 1963 жылы Маңғыстау облысында дүниеге келген. Еңбек жолын 1980 жылы Ералиево кентінің құрылыс-монтаж басқармасында ағаш шебері болып бастады. 1985-1990 жылдар аралығында Алматы қаласындағы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтында «Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау» мамандығы бойынша тәмамдап, «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясында бұрғылаушының көмекшісі, «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігінің «Комсомольскмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасында мұнай және газ өндіру операторы болып жұмыс жасады.

1991-2004 жылдар аралығында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында мұнай және газ өндіру операторы, мұнай және газ өндіру шебері, мұнай және газ өндіру технологиясы, мұнай және газ өндіру шека бастығының орынбасары, мұнай және газ өндіру цехінің бастығы, пайдаланылатын жабдықтарды илемдеу-жөндеу цехінің бастығы және орталық инженерлік-технологиялық қызметінің бастығы қызметтерін атқарды.

2004 жылдың маусымында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ орталық инженерлік-технологиялық қызметінің бастығы болып ауыстырылды, ал 2004 жылдың шілдесі айынан 2007 жылдың маусымына дейін «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы болып жұмыс жасады.

2005 жылы Ақтау мемлекеттік университетін «Мұнай және газ кенорындарын өңдеу» мамандығы бойынша аяқтады.

2007-2008 жылдары «Жалғызтөбемұнай» ЖШС Бас директорының орынбасары, 2008 жылдың қазан айынан 2011 жылдың қазанына дейін «ҚазақОйлАктөбе» ЖШС техникалық директоры қызметтерін атқарды.

2011-2013 жылдары «ҚазМұнайТеніз» ТМК АҚ директоры қызметін атқарды.

2013 жылдың ақпанында «ҚазМұнайГаз» Барлау және Өндіру» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып тағайындалды, «ҚазМұнайГаз» Барлау және Өндіру» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды.

2013 жылдың 25 қыркүйегінен бастап 2015 жылдың 25 қарашасына дейін «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында Бас директордың бірінші орынбасары, Қоғамның Басқарма мүшесі қызметтерін атқарып келді.

2015 жылдың 25 қарашасы күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Бас директоры лауазымдық қызметіне тағайындалды.

Үйленген, екі бала тәрбиелеп отыр. «Күрмет» орденімен, «Маңғыстау облысына 35 жыл», «Маңғыстау мұнайына 50 жыл» және «Ақтау қаласына 50 жыл» медалдарымен марапатталды. «Қазақстан жер қойнауының құрметті барлаушысы» атағының иегері.



Сунь Синъюнь, 1967 жылдың 30 қантарында, Қытай Халық Республикасының Синьцзян қаласында дүниеге келген.

1988-1990 жылдар аралығында Мұнай университетінде (КХР, Пекин) оқып, "Инженерлік ғылымдардың магистрі" дәрежесін алған.

1997-2006 жылдарда мұнай мен газды барлау және өңдеу "СНОДС" (КХР, Пекин) Қытай ұлттық корпорациясында мұнай мен газды барлау және өңдеуді дамыту мен зерттеу департаменті директорының орынбасары, кейін директоры қызметтерін атқарды.

2006 жылдың маусымынан «Петро Казахстан Оверсиз Сервисес Инк» (Қазақстан, Алматы қ.) компаниясы президентінің кеңесшісі болып тағайындалды, ал 2006 жылдың қарашасынан 2008 жылдың қазанына дейін осы компанияда ортақ кәсіпорындар бойынша Вице-президент болып жұмыс жасады.

«ҚазМұнайГаз» және «Қытай Ұлттық Мұнай-газ Корпорациясы» компанияларының қосылуы нәтижесінде құрылған MANGISTAU INVESTMENTS B.V. компаниясының «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 100% жай акцияларын сатып алуы бағытындағы мәмілесіне қол қойылған соң, 2009 жылдан 2012 жылға дейін «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Бас директорының бірінші орынбасары қызметін атқарды.

2012 жылдың қарашасынан 2015 жылдың 25 қарашасына дейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры лауазымдық қызметін атқарды.

2015 жылдың 25 қарашасы күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Бас директорының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

ЕЛ АЙНАСЫ – ЕҢБЕК

Көлік департаменті автокөлік паркі ұжымының еңбек тынысы және өндіріс озаттары жайында фотобаяндама:



АВТОКӨЛІК ПАРКІ компаниямен қатар жасап келе жатқан тарихи ұжым. Парк жарты ғасырдан астам уақыттан бері «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасын және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасын, сонымен қатар барлық құрамдас бөлімшелерді автокөліктермен және арнайы техникалармен үздіксіз, әрі сапалы қамтамасыз етіп келеді.



Қаламқас автокөлік тізбегі бастығының орынбасары Жұмажанов Кемал мұнай кен орындарына қызмет көрсететін арнайы техникалардың машинистерімен күнделікті жұмыс жоспарының орындалуын талқылауда.
- Кен орнында жұмысшылар үшін барлық әлеуметтік жағдай жасалынған, жатақхана ғимараттары күрделі жөндеуден өткен, ыстық және мұздай сулары үнемі келіп тұр. Асханалары бұй бұрқыраған дәмді де ыстық тағамдарымен қарсы алады. Компаниямыздың одан да әрі қарай өркендей беруіне тілектеспіз.



Ақтау қаласы автокөлік тізбегінің 5 дәрежелі автокөлік жөндеушісі, еңбек озаты – Абдыжамалов Мұрат «Менің мақсатым - соңғы заманауи техникалық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, автокөліктерге дер кезінде сапалы жөндеу жұмыстарын көрсету», - дейді.



Жетібай автокөлік тізбегінің 5 дәрежелі автокөлік жүргізушісі Баймағамбетов Қоспай және 4 дәрежелі автокөлік жөндеушісі Сарманов Қалмұханбет арнайы техникаға жөндеу жұмыстарын жүргізу үстінде.
«Берілген өндірістік тапсырмаларды мүлтіксіз орындауымыз қажет. Бүгінгі уақыт-күрделі уақыт, әлем тыныштықтан айырылды. Біздің халықта «көптен көрген ұлы той» деген даналық бар. Бұл қиыншылықтарды өткізші деп есептейміз, тұрмысымыз жақсы, еңбегіміздің жемісін көріп отырмыз. Ең бастысы, ел аман, жұрт тыныш болғай-дағы.

Рейпен Ықлас - Ақтау қаласы автокөлік тізбегінің 5 дәрежелі автокөлік жөндеушісі. Ұзақ жылдардан бері жемісті еңбек етіп келе жатырған еңбек озаты. Басты принципі - өндірісте жүрген көлік кідірмеу керек. Гаражға ақаулы көлікпен келген жүргізушілерімен қолтықтаса отырып, техниканы жедел қатарға қосу.



Қаламқас автокөлік тізбегінің 3 дәрежелі автокөлік жөндеушісі, еңбек озаты – Қонарбаев Шайхығали жанұясымен бірге.

Өмірлік ұстанымы - жанұяда да, ұжымда да адал еңбегіңмен құрметке бөленуден асқан бақыт жоқ, адамгершілік қасиетті, кішіпейілділікті, сыйластықты және бірлікті қалдыр тұтуымыз керек.



Еңбек қарбаласынан кейін босаған демалыс сәттеріндегі мәдени-спорттық шаралар.



Жетібай автокөлік тізбегінің көлік инженері Артықбай Қайрат «Жол қозғалысы тәртібіне» енгізілген соңғы түзетулерді ұжым мүшелеріне түсіндіру үстінде.

«Сапалы қызмет – нәтижелі жұмыстың кепілі. Техника кабинасына отырған әр жүргізуші өз өміріне ғана емес, жолаушылар мен жүргіншілердің де өмірінің қауіпсіздігіне жауапты. Біз техникалық және еңбек қауіпсіздігі, жол қозғалысы, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау ережелерін сақтауымыз шарт» - дейді ол.

Еңбек күніне орай фотобаяндаманы дайындаған:
Көлік департаменті цехтық кәсіподақ ұйымының төрайымы -
К.А. Нұрбосынова.



АҒАЛАР БАР ҮЛГІ ТҰТАР

Аманжол Фазылдұлы еңбек жолын 1978 жылы «Өзен-мұнайгаз» мекемесінде пех геологы болып бастады. 1979 жылы Жетібай бұрғылау жұмыстары басқармасына қатардағы инженер-геолог болды. Жетібай, Қаламкас, Қаржанбас сияқты кенорындарында ұңғылардың сапалы, уақытылы бұрғылауын қадағалап, өз білгенін өндіріске тиімді пайдалана білді, нәтижесінде бұрғыланған ұңғыларды тасырыс берушілерге уақыты тапсырып отырды.

Егеменді қазақ елінің мұнайын өндіру жолында қаншама халық мандай терлерін төгуде. Табиғаттың небір құбылстарында, күн-түн демей ел игілігі үшін еңбек еткен азаматтардың бірі, жаны жайсаң, жанарынан жасқалықтың оты жанған, сол мандай тер қапқыры еңбектерінің арқасында бүгінде сый құрметке ие болған, ел ағасы «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі директорының Геология барлау және жер көңілауының өнім беру мүмкіндігін арттыру жөніндегі орынбасары Басбаев Аманжол Фазылдұлы атап айтқымыз келеді.

Аманжол Фазылдұлы еңбек жолында білімділігінің арқасында инженер-геолог, аға геолог, бөлім басышы, бас геолог болып жұмыс жасап бүгінде көптеген шәкірттеріне тәлімгер болған тәжірибелі ұстаз.

А.Басбаев 1951 жылдың қантар айының бірінші жұлдызында Жылой ауданы, Гурьев облысы Мұнайлы мұнайшылар ауылында дүниеге келген.


1968 жылы орта мектепті ойдағыдай бітіріп, кеңес армиясының қатарында азаматтық борышын өтеген Аманжол Фазылдұлы 1978 жылы Алматы қаласындағы В.И. Ленин атындағы казак политехникалық институтының мұнай және газ факультетіне қарасты мұнай және газ кешендерін барлау бөлімін жоғары деңгейде бітіріп инженер-геолог мамандығына ие болды.

1993 жылы Әзірбайжан астанасы Баку қаласында Азизбеков атындағы мұнай және газ институтының директорлар

мекеметтік сынақ комитетінің төрағасы болып келеді.

А.Басбаев атқарған қажырлы да адал еңбегі үшін министрліктердің, облыс пен мекеме басшылығының төсбелгілерімен, құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталды.

Осындай қажырлы еңбек пен бірге үлгілі отбасын қатар ұстап ардақты әке, асыл жар немерелеріне аулы ата болған Аманжол ағаның жұбайы Басбаева Оразхан Махмұдықы да зейнеткерлікке шыққан геолог. Жоғары білімді қыздары Айгүл, Динара, Нұргүл және Жанар ел экономикасының әртүрлі салаларында қызметтерін атқарып жүр.



дайындайтын бөлімшесін бітіргеннен кейін Аманжол ағаның, ұңғыларды бұрғылау, оларды күрделі жөндеуден өткізуге, игеру құбырларының жарамсыз болған жағдайында геофизикалық зерттеулер жасап жана техника мен технологияларды қолданып отыруға жаны жақын тұрады. Сонымен қатар көп жылдан бері Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік инженеринг және технологиялар университетінің инженер-геологтарды дайындайтын бөлімінде

«Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлері Аманжол Басбаев Фазылдұлына зор денсаулық, сарқылмас күш-жігер, отбасына амандық, шаттық-меректе тілейді. Мекеменің өсіп өркендеуіне қосқан үлесі үшін алғымызды айтып ұшаң белестер мен жетістіктерге жете беріңіз тілектестігімізді білдіреміз.

«Oil Services Company» ЖШС

«Темір тұлпарды» ауыздықтаған Бексат

Еліміздің энергетикалық қуатын арттыруда өлкемізде өндірілетін мұнайдың 40 пайызынан астамын, Отандық мұнай өндірісінің 11 пайызын қамтамасыз етіп отырған, ең ірі мұнай-газ кәсіпорындарының бірі болып саналатын «Манғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамына сервистік қызмет көрсетуші компаниялардың алдыңғы сапында «Манғыстау-энергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тұр. Осы серіктестіктің қарамағында 122 жүргізушілері мен арнаулы мамандары бар Механикаландыру және көлік цехының автокөліктері мен арнаулы техникалары Қаламкас, Жетібай кенорындары мен Ақтау базасы бойынша Серіктестікке үздіксіз қызмет көрсетіп келеді.

Қысы суық, жазы қапырық ысы, табиғаты қатал кенорындарда ауа райының құбылмалдығына қарамастан, нысандардағы жұмыстардың орындалуларына уақытпен де санаспай үздіксіз еңбек етіп келе жатқан майталмандардың алдыңғы шебінде «темір тұлпардың» нелері – жүргізушілер тұрады. Өйткені кәзіргі заманауи техниканың үздіксіз дамыған уақытында кең көлемді өндірістік жұмыстарды көліксіз, арнаулы техникасыз атқару мүмкін емес. Міне осындай жауапкершілігі мол істердің қатарында аталған Серіктестікте тапжылмай 20 жыл еңбек етіп жатқан Жетібай кенорының жүргізушісі – Бексат Жеткізгенұлы Айтмұханов та бар.

Еңбек жолын «Манғышлак-нефть» басқармасында слесарь шәкіртінен бастаған Бексат 1986 жылы азаматтық борышын Ресей жерінде атқарып келеді. Туған жеріне оралған кайратты жас 1986 жылдан бастап «Манғышлак-нефть» өндірістік басқармасында 2 разрядты жүргізуші болып еңбек етті. Осы ұжымда жұмыс жасай отырып жас маман уақытпен санаспау, темір тетіктің тілін түсіну, өз ісіне жауапкершілікпен қарау сияқты жүргізуші қызметінің қыр-сырларын үйрене бастады.

«Манғыстау-энергомұнай» ЖШС ірге тасы қаланғаннан бастап Қаламкас



кенорының батпақты, кедірлі-бұдырлы жолдарында вахталық әдіспен жұмыс жасаған Бексат Жеткізгенұлының бойында ер азаматқа сай шыдамдылық, қоғамдық мүлкіне деген көзқарас, қарапайымдылық секілді қасиеттердің бар екеніне әріптестері куә. Бексаттың бойында қазақ ұлтына сай көпшілік, үлкенді сыйлау секілді адамгершілік қасиеттермен қатар, кейбір тығыртықтан шығатын жол тапқыш, әзілқойлық қасиеттерінің барын Серіктестіктегі әріптестері І.Ағиман мен Т.Жансыбаевтар мақтанышымен айтады.

Ұзақ уақыт Ақтау базасында жүргізуші болған Бексат кәзіргі кезде Жетібай кенорының IV разрядты жүргізушісі болып, Оймашы, Алағабек, Асар нысандары электрондерлерінің уақытында қызмет көрсетіп, Серіктестіктің жоспарлы қызметіне өз үлесін қосуда. Өз қызметіне деген үлкен жауапкершілікпен еңбек етіп келе жатқан Б.Айтмұхановты бірнеше әкімі, Серіктестік әкімшілігі бірнеше рет Алғыс хаттармен, бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Ұжым ішінде беделді, кейінгі жас буында еңбек жолы үлгі болар Бексат Айтмұхановқа Серіктестіктің биылғы 20 жылдық торқауы мерекесі қарсаңында деніне саулық, шаңырағына қуаныш, еңбегіне табыс тілейміз.

Б.Асбаева,
«Манғыстау-энергомұнай» ЖШС
МЖҚЦ технигі



ПОКОРИТЕЛЬ МОРСКОЙ ВОЛНЫ



На прошедшей 16-20 октября в Дохе Катарской интернациональной регате Мангистауская команда по парусному спорту стала обладательницей четырех медалей. Среди восьми спортсменов представляющих Казахстан, был и работник ТОО «Мунайтелеком» Каржау Далуов.

Каржау работает в бригаде

электромонтеров линейного сооружения и кабельщиков спайщиков Ақтауского цеха связи ТОО «Мунайтелеком».

Парусный спорт Каржау занимается с 1998 года. И уже через год он стал победителем областных детских соревнований, сумев завоевать первое место среди 14 участников.

С тех пор Каржау все свое свободное время, посвящает занятиям парусным спортом. Ныне он является членом сборной команды Мангистауской области, регулярно принимает участие как в республиканских, так и международных соревнованиях.

В 2000 году Далуов стал чемпионом Республики Казахстан по парусному спорту. Затем была победа на детско-юношеской Спартакиаде 2003 года.

В 18 лет Каржау начал обучение в школе высшего спортивного мастерства (ШВСМ). Годы упорных тренировок не прошли даром: в 2006 году наш земляк стал кандидатом в мастера спорта по парусному спорту.

В 2013 году Каржау впервые принял участие в международных соревнованиях в Дохе. Дебют оказался сверхуспешным – первое место и золотая медаль! В 2014 году были второе место в регате на кубок Катара и бронзовая медаль в Таиланде регате на кубок Короля.

В том же году Каржау было

присвоено почетное звание мастера спорта международного класса по парусному спорту.

Сегодня федерация парусного спорта Мангистауской области является лучшей в Казахстане. И отродно отметить, что большая заслуга в этом принадлежит и Каржау Далуову.

Теперь Каржау планирует принять участие на чемпионате Азии, который пройдет в феврале 2016 года.

Коллектив ТОО «Мунайтелеком» желает Далуову Каржау удачи и новых спортивных побед!

ТОО «Мунайтелеком»



